Дата виготовлення вказана на виробі.

Виробник:

Limited Liability Company TEXTON CORPORATION - Товариство з обмеженою відповідальністю
"ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН"

160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

160 Грінтрі Драйв, Приміщення 101, місто Дувр, округ Кент, Штат Делавер, 19904, Сполучені Штати Америки

ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ

Виріб: Кавоварка електрична

Модель: РСМ 1214

Ця гарантія надається виробником на додаток до прав споживача, встановлених чинним законодавством Російської Федерації, і жодною мірою не обмежує їх.

Ця гарантія діє впродовж 12 місяців від дати придбання виробу та передбачає гарантійне обслуговування виробу у разі виявлення дефектів, пов'язаних з матеріалами та роботою. У цьому випадку споживач має право також на безкоштовний ремонт виробу.

Ця гарантія діє у разі дотримання таких умов:

1. Гарантійне зобов'язання розповсюджується на усі моделі, які випускаються компанією «ТЕХТОН CORPORATION LLC», у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб купується виключно для особистих побутових потреб. Виріб повинен використовуватися у строгій відповідності до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Обов'язки виробника відповідно до цієї гарантії виконують продавці – уповноважені дилери виробника та офіційні центри з обслуговування - (сервіс) центри. Ця гарантія не розповсюджується на вироби, придбані у не уповноважених виробником продавців, котрі самостійно несуть відповідальність перед споживачем згідно з російським законодавством.
4. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти та зовнішні зміни приладу, що виникли у результаті:
 - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
 - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
 - Відкладення вапняного осаду, водного каменю та накипу внаслідок використання води з високим вмістом мінеральних речовин;
 - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.

*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru

Постачальник не несе жодної відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням виробу під час транспортування, внаслідок некоректного використання, а також у зв'язку із модифікацією або самостійним ремонтом виробу.

Электрлік кофеқайнатқыш
POLARIS
Моделі PCM 1214
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

Жалпы мәлімет.....	19
Қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқаулар	19
Осы құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар	20
Құрылғының пайдалану саласы	21
Құрылғының сипаттамасы.....	22
Құрылғының жиынтықтылығы	22
Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау және пайдалану.....	23
Тазарту және күтім	24
Сақтау жөніндегі ережелер.....	24
Тасымалдау жөніндегі ережелер.....	24
Қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар	25
Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері	25
Техникалық сипаттамалары.....	26
Сертификаттау жөніндегі ақпарат	26
Кепілдік міндеттеме	27

Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, моделі РСМ 1214 POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік кофекайнатқыш құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – кофекайнатқыш, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

Қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқаулар

- Құрылғыны пайдалану «Тұтынушылардың электрлі орнатуларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Құрылғыны комерциялық аумақта жоғары жұмыс қарқындылығында пайдалану, бұл құрылғының шамадан тыс жүктелуіне әкеліп соғады, сонымен құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру мүмкін.
- Құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс
- Бұл құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы құрылғыны қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге, жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеру тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне күмән келтірсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғы және оның электрлік желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күн сәулесіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, сақталуы керек.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріп, оның электрлік желілік баусымын ток көзінен ажыратыңыз.
- Аталмыш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, білімі мен тәжірибесі жоқ немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Балалардың құралмен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- **Назар аударыңыздар! Құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оны бірден электр желіден ажыратыңыз. Сонымен бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.**
- Құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Ылғал қолыңызбен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оны бірден электр желіден ажыратыңыз.

- Құрылғыны тек қана ауыспалы ток көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Қоректендірудің стандартты емес көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдалануға болмайды.
- Ұзартқыш құрылғыны пайдаланудың алдында оның жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғыны электр желіге жалғастырып, қоспас бұрын, әрдайым оның өшірілу күйінде тұрғандығына, яғни құрылғының қыздыру температурасын ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі «СӨНДІРУ» сөндірілу қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін және оны тазартпас бұрын, немесе құрылғы сынып қалса, әрдайым оның электрлік ток көзінен ажыралып тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұстап желіден ажыратуға тыйым салынады. Құрылғыны электр желіден ажыратқан кезде оның штепсельді айыршасынан ұстаңыз.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғымен пайдаланып болған соң, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыны айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда сақтау үшін сымды жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электрлік желілік баусымын жөндеу не ауыстыру жұмыстарын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталықтарының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Құрылғының электрлік желілік баусымын жөндеу не ауыстыру жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.
- Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Осы құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар

- Құрылғыны алғаш рет пайдаланудың алдында, оны бөлмежайда орналастырып, бөлмежайдағы ауа температурасында 30 минутқа қалдырыңыз.
- Құрылғының суға арналған резервуарын тек қана таза, ішуге жарамды, салқын суымен толтырыңыз. Ешқашан кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарын өзге сұйықтықтармен толтырмаңыз, және оған кофе дәндерін, сондай-ақ кофе ұнтағын салмаңыз.
- Ұнтақталған кофеден сусын әзірлеу үшін туркада қайнатуға «extrafine» ең майда тартылған кофе ұнтағын не ұсақ дәнді қолдануға рұқсат етілмейді. Бұл сүзгінің бітелуіне, яғни бүлінуіне

әкеп соғуы мүмкін. Бітеліп бүлінген сүзгіні тазарту немесе ауыстыру құралдың кепілді қызмет көрсетуіне қатысты шарттарына кірмейді.


- Кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарын сумен толтыру барысында, оны тах белгісінен асыра (10-12 шыны-аяқ кофе порциядан) асыра толтырмаңыз, дегенмен толтыру барысында судың минималды мөлшері кем дегенде он-он екі шыны-аяқ кофе порциядан аз болмауы керек.
- Құрылғыны, тек қана оның суға арналған резервуарында су бар болса ғана пайдаланыңыз, егер оның ішінде су жоқ болса, ешқашан құралды іске қоспаңыз.
- Кофеқайнатқыш құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, яғни оның суға арналған резервуарында су қызып жатқан кезде немесе кофені дәмдеп қайнатқан кезде, құрылғының суға арналған резервуарын және сүзгінің ұстағышын кофеқайнатқышының сыртқы корпусынан мүлдем алуға болмайды.
- Құрылғы іске қосылып тұрған кезде оның суға арналған резервуарының қақпағын ашпаңыз және кофеқайнатқыш жұмыс істеп тұрған кезде оның суға арналған резервуарында, судың буға айналу үдерісі тезірек жүреді сонымен қыздыру температурасы мен қысым жоғарылайды, сондықтан құрылғының сыртқы корпусы мен оның суға арналған резервуарын қолыңызбен ұстауға мүлдем болмайды, себебі бұл терінің күйіне әкеп соғуы мүмкін.
- Кофеқайнатқыш жұмыс істеп тұрғанда, оны ешқашан қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Кофеқайнатқыш құрылғыны біртегіс, орнықты қабатқа орналастырып, үстелдің шетінен/ жұмыстық қабаттан барынша алысқа қойыңыз.
- Бұл шыныдан жасалған (шыны ыдыс) сыйымдылық жұқа және температураның кенет өзгеруіне өте сезімтал болып табылады. Шыныдан жасалған (шыны ыдысты) сыйымдылықты шытынатып немесе сындырып алмас үшін, яғни шыны ыдысыңыз әрін жоғалтпасын десеніз, оның ішіне ыстық сусын құйылған болса, оған бірден суық су құюға мүлдем болмайды, сол себепте, ол суығанша күте тұрыңыз, содан кейін оны суық сумен толтырыңыз. Сондай-ақ, ыстық кофе құйылған сыйымдылықтың (шыныдан жасалған ыдыстың) бетіне суық судың тамшыларының тамып кетуіне жол бермеңіз, сонымен қатар ыстық кофе құйылған шыны ыдысты суық қабаттың үстіне қоюға мүлдем болмайды.

Құрылғының пайдалану саласы

- Бұл құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тұрғын ғимаратында, қалыпты болып саналатын ылғалдық пен температурада, тек тұрмыста және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:
 - дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
 - тұрақты тұрғылықты мекенжайларда және де, тұруға арналған қонақ үйлерде, отельдерде, сонымен қатар басқа да тұруға арналған орындарда;
 - түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі Нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

Құрылғының сипаттамасы

PCM 1214 кофеқайнатқыш құрылғы оның мөлшерлеуіш бөлігінде орналасқан майда тордағы немесе сүзгідегі ұнтақталған кофе қабатынан қыздырылған ауыз су қысымы арқылы өту жолымен алдын ала ұнтақталған дәндерден кофе әзірлеуге арналған.



1. Сүзгіштің қақпағы;
2. Кофе құюға арналған алмалы ыдыс (сыйымдылық);
3. Кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарының қақпағы;
4. Кофеқайнатқыштың суға арналған резервуары;
5. Сүзгіш;
6. Сүзгіштің бұрылатын ұстағышы;
7. Құрылғының сыртқы корпусы;
8. Қуатты ажыратып қосатын, яғни құрылғыны іске қосып, сөндіретін ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырғыш тетігі (бұл ауыстырғыш тетігінің жарық индекаторы жанып, сөнеді);
9. Құрылғының төменгі жағы;

Құрылғының жиынтықтылығы

1. Құрылғы;
2. Әзірленген дайын кофені құюға арналған ыдыс (сыйымдылық);
3. Өлшеуіш қасық;
4. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
5. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі;
6. Кепілдік талоны;

Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау және пайдалану

- Кофеқайнатқыш құрылғының сыртынан және ішінен барлық орайтын материалдарын алып тастаңыз, сонымен қатар құрылғының сыртқы бетінен барлық жарнамаға қатысты жапсырмаларды алыңыз.
- Кофеқайнатқыштың сыртқы корпусын сәл ғана дымқыл матамен сүртіп шығыңыз.
- Бейтарап жуу құралын пайдалана отырып, жылы суда көп мәртелік сүзгішті және мөлшерлеуіш бөлігінде орналасатын майда торды, сонымен қатар әзірленген дайын кофе құюға арналған ыдысты (сыйымдылықты) жуыңыз.
- Кофе алғаш рет қайнатпас бұрын, алдымен құрылғының қыздырғышымен оның ішкі қуыс жағын қайнаған сумен бірнеше рет тазартып, шайып шығу қажет, ол үшін кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарына су құйып, құрылғыны іске қосыңыз, сонымен ұнтақталған кофе дәндерін салмай, суды қайнатып алыңыз, сол қайнатып алған суды кофе құюға арналған алмалы ыдысқа (сыйымдылыққа) құйыңыз, осылайша бұл тазартуды 2-3 мәрте қайталап, құрылғының ішкі жағын және оның өнімдермен жанасатын барлық кофеқайнатқыштың бөлшектерін тазартыңыз.
- Кофені әзірлеу үдерісі бұл қысымы жоғары будың әсерімен қыздырылған, ыстық суды ұнтақталған кофеге құюдан тұрады. Дәл осы тәсіл кофеден керемет татымы ерекше дәмі мен пайдалы әрі қайталанбас хош иісті заттарды барынша бөліп алуға мүмкіндік береді.
- Кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарындағы (4) қақпағын (3) ашыңыз, оны Сіз өзіңіз қалаған, қажетті деңгейге дейін салқын ауыз суымен толтырыңыз. Кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарын сумен толтыру барысында, оны МАХ белгісінен (10-12 шыны-аяқ кофе порциядан) асыра толтырмаңыз.
- Кофеқайнатқыштың сыртында оның сол жағында орналасып, шығып тұрған сүзгі ұстағышының тұтқасын сағат тілінің қозғалу бағытымен, оң жаққа, шамалы 90 градусқа қарай бұрап, орналастырып қойыңыз, сол кезде көп мәртелік сүзгіш орнатылатын бөлігі ашылады.
- Сүзгіш орнатылған бөлігіне қажетті мөлшерде өлшеуіш қасық арқылы ұнтақталған кофені салып толтырыңыз. Кофені нығыздап, тегістеңіз, содан сүзгіштің қыр-шегіндегі артық кофені алып тастаңыз. Сүзгіде өнімнің тұрып қалмауын қадағалаңыз және лай сусынның болмауы үшін ең майда тартылған кофе ұнтағын не ұсақ кофе дәндерін қолданбаңыз. Кофе әзірлеу барысында ірі немесе орташа етіліп тартылған кофе дәндерін пайдаланыңыз.
- Сүзгіштің ұстағышын бұрап, кофе ұнтағы не дәндері салынған сүзгішті бастапқы қалыпқа орнатыңыз, содан кейін сүзгі ұстағышының тұтқасы арқылы оны сарт еткізіп, яғни шертпек секілді дыбыс естілмейінше бекітіңіз, және барлық бөлшектердің құрылғының корпусына дұрыс орнатылғандығына көз жеткізіңіз.
- Кофе құюға арналған алмалы ыдысты/сыйымдылықты (2) арнайы тұпқояр затқа орнатып қойыңыз. Назар аударыңыздар – кофе құюға арналған ыдыстың/сыйымдылықтың қақпағы мөлшерлеуіштің қақпақшасын аздап жоғары көтеруі қажет.
- Қуатты ажыратып қосатын, яғни құрылғыны іске қосып, сөндіретін ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырғыш тетігін (8) «ІСКЕ ҚОСУ» қалпына орнатып қойыңыз. Сол кезде оның жарық индекаторы жанады да, және осы сәттен бастап әзірлеу үдерісі басталады.
- Әзірлеу үдерісі аяқталғаннан кейін кофе құйылған ыдысты тұпқоярдан алыңыз. Құрылғыны іске қосып, сөндіретін ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырғыш тетігін СӨНДІРУ қалпына орнатып қойыңыз. Сол кезде оның жарық индекаторы сөнеді. Құрылғының электрлік желілік баусымын ток көзінен ажыратыңыз.

Тазарту және күтім

- Құрылғыны тазартпас бұрын оның сөніп тұрғанына, ол электрлік желіден ажыратылып тұрғанына, сондай-ақ толық суып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құралмен пайдаланып болғаннан кейін сүзгінің бітеліп қалуын және де кофеқайнатқыштың бөліктеріне жабысып қалған, қиын жойылатын қалдықтарын алдын алу үшін тазартуды кеш уақытқа қалдырмай орындаңыз.
- Құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Судың құрылғының электр қосылысына тамып кетпеуін әрдайым қадағалаңыз.
- Кофеқайнатқыштың сыртқы корпусын жұмсақ, сәл ғана дымқыл матамен сүртіп шығыңыз. Құрылғыны тазарту үшін абразивті және агрессивті тазары бар жуғыш не тазартқыш құралдарды, сонымен қатар органикалық ерітінділерді пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғының алмалы-салмалы бөлшектерін (көп мәрте пайдаланатын сүзгіні, мөлшерлеуішті, әзірленген дайын кофені құюға арналған ыдысты) жылы сабынды суда жуыңыз, содан кейін барлық осы алмалы бөлшектерін орындарына жинап құрастырмас бұрын мұқият түрде шайып шығыңыз да, жақсылап құрғақ матамен сүртіңіз. Кофеқайнатқышты және оның алмалы-салмалы бөлшектерін ыдыс жуғыш машинада жууға мүлдем болмайды.
- Құрылғыны әр пайдаланған сайын осы тазарту әрекеттерді қайталаңыз.
- Кофеқайнатқыш құрылғыны құрғақ және салқын жерде сақтаңыз.

***Ескертпе:** Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.*

Сақтау жөніндегі ережелер

Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Тасымалдау жөніндегі ережелер

Электрлі құралдарды нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құралды тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық қаптама қорабын пайдаланыңыз. Құралдарды тасымалдау барысында оларды тікелей атмосфералық жауынның түсуінен, агрессивті ортадан сақтау қажет.



■ **Назар аударыңыздар!** Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар

Бұйымды кәдеге жарату барысында пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттар, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері

Ақаулар	Ақаудың пайда болу себептері	Жою тәсілдері
Кофе әзірлеу үдерісі тым созылып ұзақ уақытқа жалғасып кетті, немесе кофе қайнатқыш құрылғы су қайнамас бұрын сөнеді.	Тазаламау салдарынан құрылғыда қақ пайда болды.	Жоғарыдағы тазарту және күтім тарауында көрсетілген нұсқауларын басшылыққа ала отырып, оның нұсқамаларына сәйкесінше құрылғыны қақтан тазартыңыз.

Егер де, пайдаланатын судың құрамында түзілген тұнбаның әкті түзілімдер болса, яғни минералдық тұздардың мөлшері тым көп болса құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет.

Құрылғыны қақтан тазарту

Кофеқайнатқыш құрылғының ішкі қабырғаларында және түбінде қақ және тұнба түзілуі мүмкін, қақтың пайда болуы судың қаттылығына байланысты, бұл судың құрамында тұз болғандықтан орын алады. Қақ пен тұнбалардың бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз, дер кезінде тазарту қажет.

Сіздің кофеқайнатқыш құрылғыңызды қақтан тазарту үшін лимон қышқылының ерітіндісін пайдалануға болады:

- Бір стакан қайнаған суға бір шай қасық лимон қышқылын салып, араластырыңыз.
- Осы қоспаны кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарына құйыңыз.
- 15 минутқа қалдырыңыз.
- Кофеқайнатқышты іске қосыңыз, сонымен ұнтақталған кофе дәндерін салмай, бұл сұйық қоспаны қайнатыңыз, содан кейін суды шығаратын шүмегінің астына бос шыны-аяқты/сыйымдылықты орналастырыңыз да, оған лимон қышқылы қосылған судың бәрін құйыңыз.
- Кофеқайнатқышты таза сумен екі-үш мәрте шайып шығыңыз.
- Қажетіне қарай тазартуды қайталаңыз.
- Сіздің кофеқайнатқыш құрылғыңызды қақтан тазарту үшін сіркесудың әлсіз ерітіндісін қолдануға болады.
- Бұл үшін судың үш бөлігін және 6% сіркесудың 1 бөлігін араластырыңыз.
- Осы қоспаны кофеқайнатқыштың суға арналған резервуарына құйыңыз, 2-3 рет қайнатыңыз да, қайнату кезеңдерінің аралығында 20 минуттық үзіліс жасап, қайнатуды қайталаңыз.
- Сіркесудың иісін кетіру үшін кофеқайнатқышты таза сумен екі-үш мәрте шайып шығыңыз, содан құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Қажетіне қарай тазартуды қайталаңыз.

Сондай-ақ, Сіз кофеқайнатқыш құрылғыларды қақтан тазартуға арналған арнайы құралдарды пайдалана аласыз. Қақтан тазартуға арналған арнайы құралдарды пайдаланған жағдайда бұл тазарту құралдарының қаптамасындағы дайындаушының кеңестері мен нұсқауларын басшылыққа алыңыз.

Техникалық сипаттамалары

PCM 1214 - POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік кофеқайнатқыш құрылғы
Қуаттылығы: 750 Вт.
Кернеуі: 220-240 В.
Жиілігі: ~50 Гц.
Суға арналған резервуардың сыйымдылығы –1.25 л.
Қорғаныс жіктелімі: I

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Құрылғы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл
Кепілдік мерзімі: 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.
Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртында көрсетілген.

Өндіруші:

Limited Liability Company TEXTON CORPORATION - Жауапкершілігі шектеулі қоғам
"ТЕКСТОНКОРПОРЕЙШН"

160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

160 Гринтри Драйв, 101 бөлмежайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Электрлік кофеқайнатқыш

Моделі: РСМ 1214

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндетуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге таралмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сұйықтық төгілген жағдайда;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша аксессуарларды пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер, бұл қышқыл және сутасы және түзілген тұнбаның әкті түзілімдер орын алған жағдайда;
 - Құрылымында қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ құрылымы оның функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: ішкі және сыртқы қабаттың механикалық бүлінуі (ішіне майысу, сызат, сыртқы түрінің өзгеруі-қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құралдың метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металл бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлері зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі;
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақау табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылымының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында: www.polar.ru.

Жеткізуші құрылымын тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ құралдың түрін өзгертіп түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.